

**Ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобының (MMWG)
1-ші отырысының хаттамасы
2018 жылғы 25 шілде, Алматы қ.**

2018 жылғы 25 шілдеде Алматы қаласында Еуропа Қайта құру және Даму Банкі (бұдан әрі – ЕҚДБ), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ), екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастыры, «Қазақстан қор биржасы» АҚ өкілдерінің қатысуымен Ақша нарығының индикаторлары бойынша жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) 1-ші отырысы болып өтті.

Отырыс Қазақстан Республикасының ақша нарығын, атап айтқанда оның индикаторларын, талқылауға бағдарланған іскерлік атмосфера да өтті. Тараптар ақша нарығы бенчмаркттерінің маңыздылығын және бенчмаркттер саласындағы соңғы әлемдік үрдістерді талқылады, Қазақстанның ақша нарығын дамыту жөнінде пікір алмасты, Индикаторлар мәселелері жөніндегі жұмыс тобының жұмыс кестесін талқылады және Қазақстанның біркүндік тәуекелсіз бенчмаркттерінің ықтимал нұсқаларын қарастыруға кірісті.

Күн тәртібіне сәйкес Отырыс барысында мынадай мәселелер талқыланды:

I. Ақша нарығы индикаторларының АҚС іске асырудығы және ішкі нарықтарды дамытудағы ролі.

1. ҚРҰБ өкілдері инфляциялық таргеттеу режиміне өткен сәттен бері ақша нарығы мен оның индикаторларының ақша-кредит саясатын іске асырудығы рөлінің өсіп келе жатқанын атап өтті. Олар қатысушыларға ҚРҰБ-ның айырбастау бағамын таргеттеуден пайыздық мөлшерлемелерді таргеттеуге өту шенберінде қабылдап жатқан шаралар туралы, сондай-ақ ішкі ақша нарықтарының маңыздылығын арттыру және пайыздық мөлшерлемелер тәуекелдерін басқару туралы айтып берді.
2. Өз кезегінде ЕҚДБ өкілдері пайыздық мөлшерлемелер тәуекелдерін басқаруда және тиімді ішкі нарықтарды дамытуда ақша нарығы бенчмаркттерінің маңызды екендігін түсіндірді.

II. ЕҚДБ ұсынған соңғы халықаралық үрдістер ескерілген Қазақстан қаржы нарығының қолданыстағы индикаторларына шолу. Ақша нарығының оңтайлы индикаторын таңдау бойынша ұсыныстар.

1. ҚРҰБ-ның өкілдері Қазақстан ақша нарығының ағымдағы индикаторларын көрсетті.
2. Өз кезегінде ЕҚДБ өкілдері соңғы халықаралық үрдістердіⁱ, атап айтқанда индикативті мөлшерлемелерді көрсететін LIBOR типіндегі индикаторлардан жаңартылған күн сайынғы мәндерді көрсететін

тәуекелсіз бенчмарктеге өту жөніндегі үрдістерді таныстыруды. Сонымен бірге олар ақша нарығының сенімді индикаторларын жасаудың басты қағидаттарын, сондай-ақ біркүндік тәуекелсіз мөлшерлемелердің анықтамасын және оны есептеу әдіснамасын келісу мақсатында әлемнің түрлі елдеріндегі Жұмыс топтары әзірлеген деректерді бағалау өлшемшарттарын, әдіснамасын және талдауын ұсынды.

3. Тараптар банктар арасында сенімсіздік деңгейінің жоғары болуына байланысты банкаралық нарықтағы операциялар санының азайғанын атап өтті. Сондай-ақ тараптар KIBOR/KIBID, KIMEAN және KazPrime сияқты банкаралық депозиттердің нарықтық көрсеткіштерінің нарыққа қатысушылар арасында сұранысқа ие болмай отырғаны жайында қорытындыға келді.

4. Ақша нарығы бенчмарктегі туралы талқылаулар Қазақстанның ақша нарығының өтімділігі мен тиімділігін арттыруға ықпал етуі (осылайша, ақша нарығының неғұрлым орнықты бенчмарктегіне қолдау жасай отырып) мүмкін шаралар мәселелерін де қозғады.

III. Отырыс қорытындысы бойынша тараптар төмендегілер жайында келісімге келді:

1. Екінші деңгейдегі банктар өкілдерінің қосымша қаражатты орналастыру қажеттілігіне байланысты ҚҚБ-да сауда-саттық аяқталғаннан кейін тікелей ҚРҰБ-мен қосымша терезе (шамамен 30 минут) ашуға қатысты ұсынысы назарға алынсын.

2. Екінші деңгейдегі банктар өкілдерінің біркүндік своптар қолжетімді болмаған жағдайда ҚҚБ-дағы екікүндік своптарға ҚРҰБ-ның қатысу қажеттігіне қатысты ұсынысы назарға алынсын.

3. Екінші деңгейдегі банктар ағымдағы ақша нарықтарын және Қазақстандағы ақша нарығының индекстерін, атап айтқанда индекстің әр түрлінің артықшылығы мен кемшілігін талдауды және ҚРҰБ-ға:

- a. 2018 жылғы 20 қыркүйекке дейінгі мерзімде толық бағалауды (1-қосымшаның 1-кестесі және 2-кестесі).
- b. 2018 жылғы 20 қыркүйекке дейінгі мерзімде сұрақтарға жауаптарды (1-қосымша) ұсынады.

IV. Жұмыс тобының кезекті отырысын өткізу туралы.

1. Тараптар Жұмыс тобының келесі отырысын 2018 жылдың екінші жартысында Алматы қаласында өткізуге келісті.

2. Кезекті Отрысты өткізудің нақты мерзімі мен орны қосымша келісіледі.

¹Соңғы үрдістер туралы акпарат FSBнің пайыздық мөлшерлемелердің негізгі бенчмарктегі реформалау туралы 2017 жылғы зерттеуінде берілген. FSB-нің ұсынымдарын орындау туралы 2014 жылғы шілдедегі есеп - <http://www.fsb.org/wp-content/uploads/P101017.pdf>